



**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Армения Республикасының
Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 желтоқсан N 1655

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 23 мамырда Ереван қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Армения Республикасының Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен
Армения Республикасының Әділет министрлігі арасындағы
ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Армения Республикасының Әділет министрлігі,
екі мемлекеттің әділет министрліктері арасындағы ынтымақтастық қажет деп тани отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыратын болады:

1) заң ғылымы мен тәжірибесінің әр түрлі проблемалары бойынша екі

- жақты симпозиумдар, конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру;
- 2) заңнама және құқықтық құрылымдар туралы ақпарат алмасу;
 - 3) бір-бірінің әділет органдары мен мекемелерін ұйымдастырылуымен және қызметімен танысу үшін Тараптар делегациялар алмасуы;
 - 4) заңгер кадрлар даярлауды жақсарту, өзара мамандар алмасу ісіне көмектесу;
 - 5) Тараптардың әділет органдары мен мекемелері арасында әріптестік байланыстар орнату;
 - 6) заң жобаларын құқықтық сараптау үшін тепе-теңдік негізінде мамандар тобын құру;
 - 7) ұлттық әділет жүйелерін ақпараттандыру саласында мамандар алмасуды жүзеге асыру.

2-бап

Осы Келісім шеңберінде Тараптар бірлескен бағдарламалар әзірлеу және өзара мүдделері ұсынылатын қатынастар саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі комиссия құра алады.

3-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімделеді.

Осы Хаттама осы Келісімнің 5-бабында көзделген тәртіпте күшіне енеді.

4-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру барысында Тараптар арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

5-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзім ішінде қолданылады.

Осы Келісім Тараптардың бірі басқа Тараптан оның күшін тоқтату ниеті

туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін өз күшін жояды.

Ереван қаласында 2001 жылғы 23 мамырда әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі үшін

Армения Республикасының
Әділет министрлігі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.